



ТІЛ – ИНСТИНКТ

Синтаксис әлемінде





Жоспар:

1. «Көз байлау» сөйлемдері.
2. Синтаксистік талдаудың маңыздылығы.

Адамзат қоғамының мәдени және шаруашылық өмірінің ғасырдан-ғасырға дамуы тілдің синтаксистік құрылысының дамуына әкеледі. Өйткені қоғаммен бірге адамның ой өрісі, дүниетанымы күрделене түседі. Сөйлемдер адамның ғасырдан ғасырға күрделеніп, кеңеюіне байланысты дамыған. Сөйлемнің құрылысын зерттейтін ғылыми сала – синтаксис деген атаумен анықталады. Сондықтан да дәрісімізде сөйлем мәселелері қарастырылғанымен оның атауы «Синтаксис әлемінде» деп келеді. Сондықтан осы ұғымға біршама тоқталайық.

Синтаксис гректің «*syntaxis*» деген сөзінен алынған. Бұл сөздің бастапқы мағынасын құрау. Синтаксис термин ретінде екі мағынада жұмсалады. Бірі «сөйлеудің құрылыс жүйесі» деген мағынада, екіншісі – тіл ғылымының бір саласының аталуы мағынасында.

Синтаксистік жүйе – тіл конструкциясындағы бір деңгейі. Ол – тілдің лебізді білдіру, жариялау қызметін атқаратын жүйе. Тілдің басқа коммуникативтік қызметі осы жүйе арқылы жүзеге асады.

Мысалы, Қазақ тілінің синтаксистік жүйесінде лебіздің мазмұн түрлеріне сай қалыптасқан синтаксистік тұлғалар бар.

Сөз – тіл білімінің барлық салалары мен деңгейлерінің нысаны болып келеді. Демек, сөз – синтаксистің де нысаны. Сөз синтаксисінің өзіндік ерекшеліктері бар. Екінші сөзбен айтқанда, синтаксис сөзді өзіне (синтаксиске) тән ерекшеліктері тұрғысынан қарастырады. Ол ерекшелік – тіркесімділік, яғни сөз синтаксистің қарауына түскенде, екі немесе бірнеше сөздің бағыныңқы-басыңқылық байланыс ыңғайынан зерттеледі.

Синтаксис морфологиялық тұлғаларды өзінше жұмсап, тек синтаксиске ғана тән формалар құрайды. Морфологиялық форма мен синтаксистік форманың айырмашылығы бар. Морфологиялық форма синтаксис үшін қызмет етпей, тек сөздің мағынасын, түрін құбылту үшін жұмсалатындары бар.

Морфологияны оқыту үстінде сөздің морфологиялық формасы немесе қысқаша морфологиялық форма деген атаумен белгілі грамматикалық ұғым аталып жүрді. Тілдің синтаксистік саласында да өзіне тән қалыптасқан синтаксистік форма бар. Мысалы, сөйлем мүшелерінің түр-түрінің арнаулы көріну формасы бар. Сол сияқты болымды, болымсыз сөйлемдер, сұраулы, лепті, хабарлы сөйлемдер де белгілі синтаксистік формалары арқылы өзара ажырасады.

Сөйлеуде сөйлем мен сөйлемнің арасында кідіріс (пауза) болады. Жазуда бір сөйлем екінші сөйлемнен нүкте, сұрау және леп белгілерінің бірімен айырылады.

Сөйлемдер айтылу мақсатына және дауыс ырғағына қарай бөлінеді. Сөйлемді жеке сөз немесе сөз тіркестері құрайды.

Сөйлем – белгілі бір мағыналық және интонациялық тұтастыққа ие, грамматикалық тәртіппен байланысқан сөздер тізбегі ретінде көрінетін адамдар тілінің кіші бөлшегі. Жалпы тіл білімінде, оның ішінде қазақ тілінде сөйлемге түрлі көзқарастар білдіріліп келді. Сөйлемге байланысты түрлі анықтамаларды қарастыра келе, сөйлемге жаңаша көзқарасты аңғаруға болады. Анықтамаларды тиянақтай келгенде, сөйлем сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің, іс пен істің, ой мен ойдың қатынасын көрсетіп, белгілі бір ойды білдіреді десек, сөйлемді дұрыс түсінген болар едік.

Сөйлем – біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер тобы. Осы бағытта Стивен Пинкер адам мен сөйлемнің арақатынасын келесідей суреттейді:

Адамдардың көбі сөйлемдерді нақты нүктеге дейін асықпай сүзіп өтеді, содан кейін тығырыққа тіреледі де, қай жерде жолдан жаңылып кеткенін анықтауға тырысып, артына қарап, бұрын тұрған сөздерге барынша жалтақтайды. Көбінесе олардың талпынысы сәтсіздікке ұшырайды, адамдар бұл сөйлемдердің соңында артық сөз бар немесе екі сөйлемнің жартысы бір-біріне қосылған деп есептей бастайды. Шын мәнінде, әр сөйлем грамматикалық тұрғыдан дұрыс. Жалпы сөйлемдер түрлерінің көптігімен сипатталады. Келесі сөйлемге назар аударайық:



«Ұзақ уақыт бойы Дж. Р. Эвинг алаяқтықпен бір магнатты қажеті жоқ жекеменшікті сатып алуға мәжбүрлеп келген. Оффшорлы мұнай орындарын ірі қаражатқа сатқан магнат Дж. Эвингті өлтірмек болған».

Мұндай сөйлемдер «көз байлау» – «garden path sentences» деп аталады. Себебі оның бірінші сөздері тыңдаушыны қажетті емес бағытта қате талдауға бағыттайды. «Көз байлаулар» компьютерлермен салыстырғанда адамдар сөйлемдерді талдағанда мүмкін болатын барлық ағашты құрастырмайтыны көрсетеді; егер олар мұны жасаса, онда дұрыс құрылым олардың арасында болар еді. Адамдар негізінде дұрыс жұмыс жасайтындай көрінетін талдау түрін таңдап, мүмкін болғанша сол арнамен жүріп, алғашқы іздеу стратегиясын пайдаланады. Егер қандай да бір кездескен сөздерді сөйлем ағашына қосуға болмаса, адам бастапқы кезеңге қайтып, басқа сөйлем ағашын құрастыра бастайды. Кейде адамдар, әсіресе жады жақсылары, бір уақытта екінші ағашты да ескеріп отырады, алайда мүмкін болатын барлық ағаштардың өте көп бөлігі еш жерде іске жаратылмайды. Алғашқы іздеу стратегиясы осы уақытқа дейін сөздерді орналастыруға, болашақта да ары қарай орналастыруға мүмкін болған ағашқа иек артады; сонымен, онда тек бір ағашты сақтау арқылы жады көлемі үнемделеді.

Жалпы айтқанда, көз байлау – нашар стильдің ең айқын сипаты. Оқырманға соңына дейін сенімді жылжуына мүмкіндік беретін әр бұтақтануда сөйлемдер нақты көрсеткіштерсіз жасалады. Мұның орнына оқырман әркез тығырыққа тіреліп, кері қайтуға мәжбүр болады. Пинкер газет-журналдардан таңдап алған бірнеше мысал келтіреді. Қазақша аударымда олар мынандай мағынаны береді:

«Керең-мылқаудың итті өлтіруі бойынша іс кейінге қалдырылды» немесе «Итті өлтіру бойынша керең-ылқау іс кейінге қалдырылды» (Delays Dog Deaf-Mute Murder Trial).

«Музыканттар – формуланың басты мималары. Олар парадокстік еді» немесе «Музыканттар – олар ағаштықты хабарлайтын формулалардың басты білдірушілері» (The musicians are master mimics of the formulas they dress up with irony).

Мұндай сөйлемдермен салыстырғанда Бернард Шоу сынды ұлы жазушылар оқырманды сөйлемдегі бірінші сөзден бастап соңына дейін тура жолмен бағыттауы мүмкін, тіптен олардың арасында 110 сөз созылып жатса да.

Бірінші тәсілі бойынша синтаксистік талдау жасайтындар бір-екі ағашты таңдап алып, соның біреуімен ғана жүру үшін қандай да бір қағидатты пайдалануы керек; дұрыс нұсқасына барынша жақындатылған ағаш ең тиімді болады. Мұны қалай жасаудың бір нұсқасы – бұл адам зердесінің барлығын пайдалану және сөйлемді «жоғарыдан төмен қарай» талдау. Осы нұсқаға сәйкес егер адамдар осы мәнмәтінде бұл бұтақтардың мағынасы жоқ екендігін алдын ала болжай алса, олар ағаштың барлық бұтақтарын құрастыруды мақсат тұтпайды. Психоллингвисттер арасында адамдардың басында синтаксистік талдауыш тура осылай жұмыс жасайды деп болжау ақылға сый ма? деген үлкен пікірталас туындады. Тыңдаушының санасы сөйлеушінің сөйлеу ниетін дұрыс болжай алады, «жоғарыдан төмен қарай» талдау синтаксистік талдауышты сөйлемді дұрыс түсінуге бағыттай алады деген мағынада. Алайда адам зердесі тым үлкен және оны бір уақытта іске қосу қасыңнан синхронды ұшып жатқан сөз легін синтаксистік талдауды тым баяулатуы мүмкін. Гамлетке сілтеме жасап, Джерри Фодор: «Егер білімі мен мәнмәтін грамматикалық талдауды бағыттайтын болса, онда «табиғи шабытқа ой көлеңкесі түсер еді», – деп пайымдайды. Ол «грамматикалық талдауыш – бұл менталды энциклопедиядан емес, тек менталды грамматика мен менталды сөздіктен ақпарат алатын жеке тұрған модуль», – деп пайымдайды.

Бұл мәселе түбегейлі шешімін эксперименттік жолмен тапты. Адам басындағы синтаксистік талдауыш қоршаған әлем туралы қандай да болсын білімін пайдаланады деп болжауға болады. Психологтар Джон Трусвелл, Майкл Танненхаус және Сьюзен Гарней экспериментте адамдарға бастарын қимылдатуға мүмкіндігі болмау үшін бір тақтайшаны тістеп, компьютер экранындағы сөйлемдерді оқуды ұсынды, соның арасында көз қимылдары жазылып отырды. Сөйлемдерде ықтимал көз байлаулар болды. Мәселен, мына сөйлемерге назар аударыңыздар:

«Адвокат жауап алған қорғалушы сенім тудырмайтын болып шықты» (The defendant examined by the lawyer turned out to be unreliable).



Ағылшын баламасында бір сәтке сізді *by* (бай) сөзі шатастыруы мүмкін. Себебі сөйлемде бұл нүктеге дейін қорғалушы туралы бір нәрсені емес, оның өзі бір нәрсені анықтағаны туралы айтылуы мүмкін. Шынында да, сыналушылардың көздері *by* сөзіне тоқталып, оны қайта ойлау үшін сөйлем басына қайтуға әзір болды (екіұшты емес бақыланатын сөйлемдермен салыстырғанда).

Егер көз бояулар дұрыс мағынадан қашуға мүмкіндік берсе, онда бұл сөйлемнің шаруасы әлдеқайда жеңіл болу керек. Қорғалушымен салыстырғанда, берген түсініктемелер өздері ешнәрсені анықтай алмайды. Сондықтан түсініктемелер бір нәрсені анықтайтын дұрыс емес ағаштың пайда болуын алдын алуға болады.

Адамдар шынында да оны сырт айналып өтеді: сыналушылардың көздері сөйлемді және оны қайтара кішкене іркіліспен шолып өтті. Әрине, қолданылған білім барынша қарабайыр (қорғалушылар бір нәрсені анықтай алады, ал түсініктемелер – жоқ), ал оған сәйкес ағашты табу компьютер таба алатын он ағашпен салыстырғанда жеңіл болды. Сондықтан шынайы уақытта сөйлемді түсіну процесінде адамның жалпы білімінің дәл қай көлемі қосылатынын ешкім білмейді.

Сөздердің өзі де талдауды қалай жүргізу керектігін көрсете алады. Әр етістік тобын құрастырушыға талап қоятынын еске түсіріңіз (мәселен, сіз жәй ғана *devour* дей алмайсыз, сіз *devour something* «бір нәрсені жалмау» деуіңіз керек; сіз *dine something* дей алмайсыз, сіз жай ғана *dine* «кешкі ас ішу» дей аласыз). Етістік үшін ең таралған сөздік мақала синтаксистік талдаушы етістікке қажетті рөлдік орындаушыларды іздеуге итермелейтін сияқты.

Сөздер де грамматикалық талдаушыға басқа қай сөздер, қай ереже олармен бірге нақты синтаксистік топ құрамында болатынын айтып көмек беруі мүмкін. Сөзден сөзге мүмкін болатын ауысу сөйлемді түсіну үшін жеткіліксіз болғанымен, олар пайдалы болуы мүмкін: синтаксистік талдаушы жақсы статистикамен жабдықталса, онда грамматикалық мүмкін болатын екі ағаштың бірін таңдауда ойдағы қажетті құрылымға тоқтауы мүмкін. Синтаксистік талдаушы сөз жұбының жасалу ықтималдығын сезетін сияқты: көптеген көз байлауыштар әсіресе жалған ізбен жеңіл жіберуі мүмкін. Себебі онда *cotton clothing* «мақтадан киім», *fat people* «толық адамдар» және *prime number* «жай сан» сияқты кеңінен таралған сөздер жұбы бар. Ми тілдік статистикадан ұта ма, жоқ па? Бірақ компьютерлердің ұтатыны анық.

AT&T және IBM зертханаларда компьютерлер «Уолл-стрит джорнал» және «Ассошиэйтед пресс» сияқты дереккөздерден кестелерге мәтіндерден миллиондаған сөздерді енгізуде. Инженерлер өздерінің синтаксистік талдауыштарын сөздер мен сөздер тобының бір-бірімен тіркесу жиілігі туралы мәліметпен жабдықтаса, синтаксистік талдауыштар екіұштылықтан орынды құтылуы мүмкін деп үміттенеді.

Ақыры адамдар нақты формадағы ағаштарға сүйеніп, сөйлем арқылы өздеріне жол ашады: бұтақтарды менталды орындаудағы өзінше бейнелі кесу. Мұнда басшылыққа алатын қағидаттардың бірі – бұл серпін: біреуін жауып, жүктелмеген бастапқы бұтақтың екіншісіне секірудің орнына адамдарға сол уақытта бос тұрған бұтақтарды жаңа сөздермен жүктеу ұнайды. Бұл «кеш жабу» стратегиясы сөйлемдегі көз байлауға неліктен түсетінімізді түсіндіре алады.

Екінші қағидат – бұл үнемдеу: адамдар барынша аз бұтақты пайдаланып, ағашқа құрастырушыны қосуға тырысады. Бұл сөйлемдегі көз байлауға неліктен түсетінімізді түсіндіреді.

Сөйлемдер екіұшты болғандықтан, дегенмен заң мен келісімшарттар сөйлемдерде берілуі керек, синтаксистік талдау қағидаты адам тағдырына қатты әсер етуі мүмкін. Лоренс Солэн өзінің соңғы кітабында көп мысалдар келтірген. Келесі үзінділерді қарастырайық: біріншісі сақтандыру келісімшартынан, екіншісі – жарғыдан, үшіншісі – алқаби нұсқаулығынан.

Бірінші жағдайда серіктесі оны мейрамханада қалдырып кеткеніне ашуланған әйел өзінің кадиллагы деп санаған машинамен кетті.

Екінші жағдайда есірткі сатушы метамфитиннің ұсақ қоспасымен бейтарап ұнтақ зат қалташасын сатып, клиентті (өзінің бақытсыздығына орай – полицияның құпия агентін) алдамақ болған. Зат «тікелей қауіп» төндірді, ал зат саны – жоқ. Заң бұзылды ма? Апелляциялық сот «иә» деді.

Үшінші жағдайда қорғалушы он бес жасар қызды зорлап, өлтірді деп айыпталды, ал қабилер өлім жазасын кесті. Құрама Штаттың Конституциялық заңы тергеу барысында



ашылған алқабилер кез келген «ұнату факторын» басшылыққа алғаны туралы, бұл жағдайда психологиялық мәселелер мен нашар отбасынан шыққан қорғалушы өтінішін қабылдамайтын кез келген нұсқаулыққа тыйым салады. Шынында да бұл нұсқаулық конституцияға қарамастан айыпталушыны ұнату немесе тек айтарлықтай емес, тек ұнату құқығынан айырған. Құрама Штаттың Жоғарғы Соттың бесеудің төртеуі айыпталушының өтініші тек ұнату бойынша қабылданбаған деп дауыс берді, өтініш қабылдамау конституцияға сәйкес келеді.

Мен ағаштар туралы айтып тұрмын, алайда сөйлем – ол жай ғана ағаш емес. Хомский терең құрылымдарды үстіңгіге шығаратын трансформацияны ұсынған кездегі 60-жылдардың басынан психологтар трансформация қалдырған қандай да бір «саусақ іздерін» табуға тырысу үшін, зертханалық технологияларды пайдаланды. Соңынан бірнеше рет алдын ала қуандырған бұл талпыныстар ұмыт қалған және бірнеше он жылдыққа психология бойынша оқулықтар трансформацияны «шынайы психологиялық негіздемесі» болмағандықтан шеттеткен.

Алайда зертханалық технологиялар барынша жетілдірілген, адам санасында трансформациялық операцияны еске салатынды табу – бұл тіл психологиясында жақында ашылған қызықты жаңалықтардың бірі. Мысал ретінде мына сөйлемді алып қарайық:

The policeman saw the boy that the crowd at the party accused (trace) of the crime «Кешке жиналғандар қылмысы үшін айыптаған (із) баланы полиция көрді».

Қылмыс үшін кім айыпталды? Әрине, бала, алайда the boy «баланы» сөзі accused «айыптады» дегеннен кейін тұрған жоқ. Хомский бойынша, бұл the boy-ға қатысты синтаксистік топ шын мәнісінде терең құрылымда accused «айыптады» дегеннен кейін келгендіктен орын алған; ол өзінен кейін үнсіз «із» қалдырған трансформация арқылы артқа that «қай» сөзінің орнына ауыстырылған. Бұл сөзді түсінгісі келгендер трансформация жасаған әрекетті болдырмауы және ойша синтаксистік топ көшірмесін із орнына артқа қоюы керек. Мұны жасау үшін алдымен сөйлем басында орнына қоюды қажет ететін the boy – орны ауыстырылған синтаксистік топ бар екендігін байқауы керек. Бұл синтаксистік топты құраушысы болмаған жағдайдағы болуы қажет позиция – бос орын табылғанға дейін жедел жадыда ұстап тұру қажет. Бұл сөйлемде accused сөзінен кейін бос орын бар, себебі accused толықтауышты талап етеді, ал ол жоқ. Бос орын із қалдырған деген қорытынды жасауға болады, содан кейін жедел жадыдан the boy синтаксистік топты шығарып алып, оны ізбен байланыстыруға болады. Тек осыдан кейін адамның оқиғада the boy қандай рөл атқарғанын анықтауға мүмкіндік туады: бұл жағдайда оны айыптады.

Бұл ментальды процестің әрқайсысын өлшеуге болатындығы ыңғайлы. Ауыстырылған құраушы мен із (асты сызылған жер) арасындағы сөз арақашықтығы бойы адамдардың жадыда құраушыны ұстап отырулары қажет. Бұл күш ой белсенділігімен байланысты кез келген синхронды орындалатын тапсырманы онша жақсы орындамаған кезде пайда болуы керек. Шынында да, адамдар бұл тапсырманы орындап жатқан кезде, олар сырттағы белгілерді (мысалы, экранда пайда болған жарқылды) баяу байқайды да, жадыда басқа сөздер жиынтығын ұстап тұру оларға қиын болады. Тіпті олардың ЭЭГ (электрэнцефалограммалар немесе мидың электронды белсенділігінің жазбасы) күш салу нәтижелерін көрсетеді.

Кейбір синтаксистік топтарды ұқсас күрделі атауыштық топтарға айналдыратын «байланыстырушы» шектеулер тілдерде бар. Мысалы: the rumor that Mary likes him бір де бір сөз жасырына алмайтын «аралдарға». Бұл басымдылық тыңдаушылар үшін, себебі синтаксистік талдауыш сөйлеушінің бұл синтаксистік топ құрамынан ешнәрсені шығара алмайтынын және оған ізді бағудың қажет еместігін біледі. Алайда тыңдаушы үшін басымдық сөйлеушіге жүктеме екендігін білдіреді: мұндай сөйлемдерге ыңғайсыз толықтауыш есімдігін қосу керек: «That's the guy that you heard the rumor that Mary likes him» «Мынау сендер ол туралы Мэриді сүйеді (із) деген өсек естіген жігіт».

Оның барлық маңыздылығына қарамастан синтаксистік талдау – бұл сөйлемді түсінудегі алғашқы қадам. Стивен Пинкер қызықты диалогпен таныстырады. Бұл диалог 1973 ж. 17 наурызында президент Ричард Никсон, оның кеңесшісі Джон У. Дин және әкімшілік басшысы Х. Р. Холдемман арасында болды. 1972 ж. маусымында оның екінші сайлауалды кампаниясы кезінде президентке жұмыс жасаған Ховард Хант оның адамдары партия төрағасы мен басқа қызметкерлердің телефондарына тыңдау құралдарын орнатқан Уотергейт ғимаратында орналасқан Демократиялық партия штабына күшпен басып кірген. Ақ Үйде кім операцияны



жасау туралы жарлық бергенін анықтау үшін бірнеше тергеу жүргізілу керек болатын: Холдеман немесе Федералды прокурор Джон Митчелл. Диалогқа қатысушылар ол үлкен қазылар алқасы алдында түсінік беру алдында Хаиттың «тілін байлайтын» 120 000 долларды төлеу керек пе, жоқ па деп талқылап жатыр.

Бұл диалог сөзбе-сөз жазылған. Себебі 1970 ж. Никсон болашақ тарихшылар атынан әрекет етіп тұрғанын айтып, өз кабинетінде тыңдаушы құралды орнатып, өзінің барлық сөйлескен сөздерін жазып отырған. 1974 ж. ақпан айында Өкілдер Палатасының заң мәселелері бойынша Комитеті Никсон импичментке тартылу керек пе, жоқ па, солардың көмегімен анықтау үшін сотқа жазбаларды берді. Бұл үзінді жазбалардың мағынасын ашу арқылы алынған. Көп жағдайда осы үзінді негізінде комитет импичментті ұсынды. Никсон отставкаға 1974 ж. тамызында кетті деп хабарлайды.

Уотергейтке қатысты жазбалар – әйтеуір белгілі уақытта жарияланған шынайы сөйленістің жазба мағынасын ашудың ең үлкендерінің әрі белгілілерінің бірі. Олар басылымда пайда болған кезде америкалықтар қайран қалған. Алайда бұл қайран қалу себептері әртүрлі болған. Кейбір, өте санаулы адамдарды Никсон әділ сотты алдау мақсатында жасырын айла-шарғыға қатысқаны қайран қалдырған. Басқаларын еркін әлем көшбасшысының арбақеш сияқты ұрысқаны есеңгіреткен. Алайда барлығын сөзбе-сөз жазылған кәдімгі сөйленіс қандай болатыны таңғалдырған. Сөйленіс мағынасы мәнмәтінсіз мүлде түсініксіз.

Мәселенің бір бөлігі жазбаның мағынасын ашумен байланысты: интонация және синтаксистік топтарды бір-бірінен бөліп тұрған уақыт аралығы жоғалтылған, ал ең жоғары сапалы үлбірден басқа, қандай да бір үлбірден жазба мағынасын ашу үміттендірмейді. Шынында да, Ақ Үйдегі төмен сапалы жазба мағынасын тәуелсіз ашуда кейбір сәттер мағынаға ие болады. Мысалы, I want the, uh, uh, to go мағынасы ашылады: want them, uh, uh, to go

Алайда тіптен әңгімелесудің жазбасын мағынасын керемет ашқанның өзінде түсіну қиын. Адамдар ойын басқаша тұжырымдап жеткізу немесе тақырып өзгерту үшін сөйлем ортасында өздерінің сөздерін бөліп, жиі үзіп-үзіп сөйлейді. Көбінесе кім немесе не туралы айтып жатқаны түсініксіз. Себебі сөйлеушілер есімдіктерді (оған, онымен, бұл, сол, біз, олар, бұл барлығы туралы), жалпылама сөздер (бұл тарих, осыған байланысты, бұл адамдар, барлығы да жасалды) және элипсистер (Федералды прокурор кабинеті жасайды, міне сондықтан) қолданады. Ниеттерін тікелей білдірмейді. Бұл үзіндіде «жыл соңында адам Құрама Штаттар президенті не айыпталған қылмыскер бола ма? тікелей мұны осылай жасау, не мағынасына және «Ол үшін сізге не керек?» сөз орамы ақпарат туралы сауал не бір нәрсе туралы жасырын сөйлем болды ма, осыған байланысты.

Сөйленістің жазба мағынасын ашқанда түсініксіздік барлығын қайран қалдырған жоқ. Бұл тілшілерге жақсы белгілі; жарияланым алдында сілтемелер мен сұхбаттарды редакциялауға көп күш салу – бұл күнделікті іс. Көптеген жылдар бойы «Ред Соке» бостон командасының қызба питчері Роджер Клеменс мерзімді баспасөзде оған қате сілтеме жасайтындығын айтып өте қынжылған. «Бостон Херольд» газеті бұған бәріне белгілі қатігез әзілмен жауап берді: мақалалардың бірінде ойыннан кейін жасалған Клеменстің түсініктемесі сөзбе-сөз берілген.